# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 7 қазан №7119-25-00-2/10446 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Ш.Жамансариева, сот отырысының хатшысы А.А.Әбілғазинаның қатысуымен, ашық сот отырысында келесі талап қою бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
«Bcorp.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану;
2) тұрақсыздық айыбын өндіру;
3) аванстық төлем өндіру

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
талап қоюшының өкілі Рысаева А.К.
жаупкердің өкілі Жумабеков Н.Р.

**<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>**

2025 жылдың 18 маусымында «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – тапсырыс беруші) мен «Bcorp.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалды.

Жауапкер осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес тауарды жеткізуге міндеттенді: компьютер жиынтықта, 21 комплект мөлшерінде жалпы сомасы 14 625 441,60 тенге.

Документ сформирован в системе workspace.kz. Положительный результат проверки ЭЦП/ЭЦҚ тексеру нәтижесі оң

2025 жылдың 24 маусымында талап қоюшы 4 387 632,48 теңге 48 тиын аванстық төлем жүргізді.

Тауарды жеткізу мерзімі - шарт күшіне енген сәттен бастап 15 күн ішінде, яғни 2025 жылдың 3 шілдесі.

2025 жылдың 9 шілдесінде шартқа қосымша келісім жасалды, тауарды жеткізу мерзімі 18.07.2025 ж. жоспарланған орындалу күнін құрайды.

Алайда, жауапкер шартпен белгіленген мекен-жайларына тауарды жеткізбеді.

2025 жылдың 15 тамызда шарт бұзылды.

Талап қоюшы сотқа өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 4 387 632,48 теңге аванстық төлемді және 409 512,32 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамағанын көрсете отырып, талап қоюмен жүгінді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі қосымша келісімде белгіленген мерзімде тауарды жеткізе алмағанын мойындайды, өндірістік цехтың көп жұмыспен қамтылуына байланысты объективті жағдайлар орын алды деп көрсетті.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

№1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарының, 277-бабының 1-бөлігінің талаптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Жамансариева А. Ш., 10.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.11.2025 Судья Жетибаев Ж. К., 08.12.2025
Документ сформирован в системе workspace.kz. Положительный результат проверки ЭЦП/ЭЦК тексеру нәтижесі оң

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Іс материалдарына қарағанда, «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен «Bcorp.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында түзілген 2025 жылдың 18 маусымындағы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес, өнім беруші осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес компьютер жиынтықта, 21 комплект мөлшерінде жалпы сомасы 14 625 441,60 теңгеге тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы шарттың талаптарымен тауарды қабылдауға және шарт бойынша өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, жеткізу өнім беруші тапсырыс берушіге тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Тауарды жеткізу мерзімі - шарт күшіне енген сәттен бастап 15 күн ішінде, яғни 2025 жылдың 3 шілдесі.

2025 жылдың 9 шілдесінде шартқа қосымша келісім жасалды, тауарды жеткізу мерзімі 18.07.2025 ж. жоспарланған орындалу күнін құрайды.

Өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, 2025 жылдың 15 тамызда шарт бұзылған.

Ұсынылған материалдардан жауапкердің шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін орындамағаны, тауардың техникалық ерекшелік талаптарына сәйкес жеткізілмегені анықталды.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Құжатқа қол қойылған: Жамансариева А. Ш., 10.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.11.2025 Судья Жетибаев Ж. К., 08.12.2025
Документ сформирован в системе workspace.kz. Положительный результат проверки ЭЦП/ЭЦК тексеру нәтижесі оң
7119-25-3-1/10464

Аталған істі қарау барысында сот, шарт талаптарының жауапкермен тиісті түрде орындалмағанын, яғни тауар мерзімінде жеткізілмегенін, тапсырыс берушімен өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына байланысты шарт біржақты тәртіпте бұзылғандығын назарға алып, сонымен қатар мемлекеттік сатып алулар заңнамасының нормаларын басшылыққа ала отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

№2 талап бойынша.

АК-тің 293 және 298-баптарына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес. Міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімдері кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіден міндеттемелерді толық орындамаған жағдайда, Мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерді тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда, мерзімі өткен әрбір күн үшін міндеттемелер орындалмаған соманың 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Егер Өнім беруші тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілердің тізілімінде болса, онда тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 3% аспауға тиіс.

Жауапкер өз міндеттемелерін орындамағандықтан талап қоюшы 7.3 тармағына сәйкес шарттық тұрақсыздық айыбы 19.07.2025 жылдан 15.08.2025 жылғы кезеңге 28 күн негізінде 409 512,32 теңге сомасында есеп ұсынған.

Ұсынылған есеп сотпен тексерілді, сот есепті дұрыс деп тапты.

Мұндай жағдайларда жауапкердің қабылданған міндеттемелерін орындамауын ескере отырып, сот берілген талап шегінде 409 512,32 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талапты қанағаттандыруға жатады деген қорытындыға келеді.

№3 талап бойынша.

АК-нің 440-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес, алдын ала төленетін ақы сомасын алған сатушы өзінің тауар беру жөніндегі міндетін белгіленген мерзімде (осы Кодекстің 409-бабы) орындамаған жағдайларда сатып алушы одан ақы төленген тауарды беруді немесе сатушы бермеген тауар үшін алдын ала төленген ақы сомасын қайтаруды талап етуге құқылы.

Осы нормаға сүйене отырып, сот талап қоюшының аванстық төлемді өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келді.

Құжатқа қол қойылған: Жамансарлиева А. Ш., 10.10.2025
Заңды күшіне енген күні: 10.11.2025 Судья Жетибаев Ж. К. 08.12.2025
Документ сформирован в системе workspace.kz. Положительный результат проверки ЭЦП/ЭЦҚ тексеру нәтижесі оң
7119-25-3-1/10464

АПК-нің 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 143 914,34 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің 223-226, 229- баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Bcorp.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын және аванстық төлемді өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Bcorp.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Bcorp.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің «Жерлерге зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу мемлекеттік институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 409 512,32 (төрт жүз тоғыз мың бес жүз он екі) теңге 32 тиын тұрақсыздық айыбы, 4 387 632,48 (төрт миллион үш жүз сексен жеті мың алты жүз отыз екі) теңге 48 тиын аванстық төлем және 143 914,34 (жүз қырық үш мың тоғыз жүз он төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін, барлығы 4 941 059,14 (төрт миллион тоғыз жүз қырық бір мың елу тоғыз) теңге 14 тиын.

«Bcorp.kz» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Жамансариева А. Ш., 10.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.11.2025 Судья Жетибаев Ж. К. 08.12.2025
Документ сформирован в системе workspace.kz. Положительный результат проверки ЭЦП/ЭЦК тексеру нәтижесі оң

7119-25-3-1/10464

**Судья** **А.Ш.Жамансариева**

Құжатқа қол қойылған: Жамансариева А. Ш., 10.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.11.2025, судья Жетибаев Ж. К., 08.12.2025
Документ сформирован в системе workspace.kz. Положительный результат проверки ЭЦП/ЭЦҚ тексеру нәтижесі он

7119-25-3-1/10464

# Сведения о документе

| | |
|---|---|
| **Тип документа** | Внутренний документ |
| **Номер и дата документа** | 13-01/4820 от 08.12.2025 |
| **Ссылка на документ** | https://giprozem.workspace.kz/storage/document_attachments/83I4IVhBJg3gQSqFaV4PP5BsC4ruJZIpT4aafPfg.pdf |
| **Отправитель** | Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения "Государственный институт проведения работ по обследованию земель" Комитета по управлению земельными ресурсами Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан |
| **Автор** | Калмурзаева Д. Н., Главный специалист (тел: , email: dana.k.n@mail.ru |

**Лист согласования**

| ФИО | Дата и время | Результат | ЭЦП |
|---|---|---|---|
| Калмурзаева Дана Налибековна | 2025-12-08 14:50:05 | Согласован | Нет |

**Лист подписания**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Салыбекова Айнур Нурлыбековна | 2025-12-08 14:58:28 | Подписан | Нет |

**Лист регистрации**

**Лист отправки**

**Лист корреспондентов**

Документ сформирован в системе workspace.kz. Положительный результат проверки ЭЦП/ЭЦҚ тексеру нәтижесі он

2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы ҚР Заңының 7-бабы 1 тармағына сәйкес қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған. Осы құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года № 370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному